


Функциялар

SPD	Ағымдағы жылдамдық
ODO	Одометр (0.001~99999 km/m)
DST	Сапар қашықтығы
MXS	Максималды жылдамдық
AVS	Орташа жылдамдық
TM	Сапар уақыты
CLK	Сағат (12H/24H)
SCAN	"+" "-" "-" Ағымдағы жылдамдықты орташа мәнмен салыстыру (артық / кем)
	Өлшем бірлігін таңдау: (km/h, m/h)
	Дөңгелек шеңбер ұзындығын теңшеу: (0mm~9999mm)
	Одометрдің жүріс мәнін теңшеу
	Автоматты түрде қосу / өшіру

Қуат беру элементін орнату

Жалпақ басты бұрауыштың немесе тиынның көмегімен компьютердің астыңғы жағында орналасқан батарея бөлігінің қапқағын ашыңыз, CR2032 батареясын плюс жағын жоғары қаратып салып, қапқақты жабыңыз. Егер экранда қате немесе түсініксіз таңбалар пайда болса, батареяны алып, қайта салыңыз.


Датчик



Датчикті ашаның сол жағына бекітіңіз. Сенсорды суретте көрсетілгендей бекіту үшін төсемдер мен кабельдік қармастырғыларды қолданыңыз. Магнитті шабаққа оның траекториясы датчикпен шамамен 2 мм (+/- 1 мм) қашықтықта қиылысатындай етіп бекітіңіз.

Велокомпьютерді велосипед руліне бекіту

Ілмекті платформаны қармастырғылар мен төсемдер арқылы рульге бекітіңіз.



Жоғарыдағы суретте көрсетілгендей блокты тоқтағанша сырғыту арқылы компьютерді платформаға бекітіңіз. Компьютерді алып тастау үшін иінтірекшені басып, оны артқа қарай тартыңыз. Жылдамдық функциясын және датчикті тексеру үшін компьютерде жылдамдық дисплейін ашып, алдыңғы дөңгелекті айналдырыңыз. Егер сигнал әлсіз немесе жоқ болса, датчик пен магнит орнын реттеңіз.

Дөңгелек өлшемін теңшеу

Егер батареяны салғаннан кейін экранда «2060» жазуы жыпылықтаса, дөңгелек шеңберін дұрыс көрсету қажет болады. Ол келесі формула арқылы есептеледі:

Шеңбер ұзындығы = дөңгелек диаметрі x π


Мысалы:

Дөңгелек диаметрі – 698.5 мм (27.5")

Шеңбер ұзындығы = 698.5x3.14 = 2193

Қажетті мәнді таңдау үшін **ОҢ** жақ батырманы және растау үшін **СОЛ** жақ батырманы басыңыз (шеңбер диапазоны: 0мм-9999мм).

Жылдамдық өлшем бірлігін теңшеу
(км/сағ)/(м/сағ)



Ағымдағы жылдамдықты көрсету режимінде км/сағ не м/сағ мәнін таңдау үшін **ОҢ** жақ батырманы, ал **САҒАТ** режиміне өту үшін **СОЛ** жақ батырманы басыңыз.

CLK режимі (12 сағ/24 сағ)



САҒАТ режимінде 12/24H форматын таңдау үшін СОЛ жақ батырманы 3 секунд басып тұрыңыз. 12/24 сағаттық форматтар арасында ауысу үшін батырманы қайта басыңыз. Сағатты теңшеу үшін ОҢ жақ батырманы басып, САҒАТ саны жыпылықтай бастағанда, оны теңшеу үшін СОЛ жақ батырманы басыңыз. Минутты теңшеу үшін ОҢ жақ батырманы басып, МИНУТ саны жыпылықтай бастағанда, оны теңшеу үшін СОЛ жақ батырманы басыңыз. Растау үшін ОҢ жақ батырманы басыңыз. Батырманы қайта басқан кезде, компьютер одометр режиміне өтеді.

Соңғы одометр мәнін орнату



Бұл функция батареяны ауыстырғаннан кейін жүріс мәнін қалпына келтіруге көмектеседі. ODO режимінде одометр мәнін орнату үшін СОЛ жақ батырманы 2 секунд басып тұрыңыз. Бастапқы мән – 0000.0, сандардың бірі жыпылықтай бастағанда, оны теңшеу үшін ОҢ жақ батырманы, содан кейін әрекетті растап, келесі санды теңшеуге көшу үшін СОЛ жақ батырманы басыңыз.

ЕСКЕРТУ. Батареяны ауыстырмас бұрын жүріс мәніне назар аударыңыз, содан кейін жоғарыдағы нұсқауларға сәйкес осы мәнді енгізіңіз.

Дөңгелек өлшемінің параметрлерін түсіріп тастау

Шина шеңбері мен (км/м) параметрлерін жою үшін бір уақытта ОҢ және СОЛ жақ батырмаларын 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Бұл жағдайда сағат теңшелімдері өзгермейді.


Спидометр

Жылдамдық экранда үнемі көрсетіліп тұрады. Дөңгелек шеңберінің параметрлері дұрыс орнатылған болса, +/- 0,1 км/сағ (м/сағ) ауытқумен көрсетілетін максималды жылдамдық мәні 99,9 км/сағ (м/сағ) құрайды.

Жылдамдықты орташа мәнмен салыстыру

Қозғалыс кезінде «+» және «-» белгісі ағымдағы жылдамдықтың орташа мәннен жоғары немесе төмен екенін көрсетеді.

ОДОМЕТР




ODO режимінде жалпы қашықтық экранда көрсетіледі. Көрсетілетін жүріс диапазоны 0,001-99999 км (м) аралығында болады және максималды шекке жеткенде 0-ге оралады.

Сапар қашықтығы

DST режимінде дисплей Ағымдағы сапар қашықтығын көрсетеді. Көрсетілетін жүріс диапазоны 0,001-99999 км (м) аралығында болады. Егер мән осы шектен асып кетсе, ол автоматты түрде 0-ге түсіріп тасталады. DST жазбаларын өшіру үшін СОЛ жақ батырманы 5 секунд басып тұрыңыз. Бұл әрекет орташа және максималды жылдамдық, сондай-ақ сапар уақыты туралы барлық жазбаларды жояды.

Максималды жылдамдық




MXS режимінде максималды қол жеткізілген жылдамдық сызықтың астында көрсетіледі.

Орташа жылдамдық




AVS режимінде орташа жылдамдық сызықтың астында көрсетіледі.

Сапар уақыты



TM режимінде сапар уақыты төменгі жолда көрсетіледі. Диапазон 0:00:00 мен 99:59:59 аралығында болады және максималды мәнге жеткенде 0-ге түсіріп тасталады.

Сканерлеу



SCAN режимінде экрандағы сапар қашықтығы, орташа жылдамдық, максималды жылдамдық және сапар уақыты әр 4 секунд сайын ауысып отырады.

Ұйқы режимі

Егер датчиктен 300 секунд сигнал болмаса, компьютер ұйқы режиміне өтеді. Егер датчиктен сигнал келсе немесе кез келген батырма басылса, компьютер автоматты түрде ұйқы режимінен шығып, дисплейде соңғы таңдалған режим көрсетіледі.

Режим жазбаларын қарау

Жад режиміне кіру үшін СОЛ жақ батырманы басыңыз. Экранда сапар уақыты туралы деректер жыпылықтап көрсетіледі. DST, MXS, AVS және TM жазбаларын көру үшін ОҢ жақ батырманы басыңыз. Бас тарту үшін СОЛ жақ батырманы басыңыз.

Режимді ауыстыру

Келесі режимдердің бірін таңдау үшін ОҢ жақ батырманы басыңыз: ODO, DST, MXS, AVS, TM, CLOCK.

Ықтимал ақаулар және олардың себептері

Ақау	Ықтимал себеп
Спидометр көрсеткіштері жоқ	Датчик дұрыс орнатылмаған. Датчик пен компьютер арасындағы қашықтық 60 см-ден асады. Датчикте немесе компьютерде батарея заряды аз.
Датчик жұмыс істемейді	Батарея заряды аз, оны ауыстыру қажет
Дисплейде түсініксіз таңбалар көрсетіледі	Батареяны алып, қайта салыңыз. Оған қоса, бұл жағдай айналадағы ЭМ импульстердің көптігіне байланысты орын алуы мүмкін, мысалы, электр желісінің жанында болған кезде.
Қате деректер көрсетіледі	Дөңгелек өлшемі туралы ақпарат дұрыс теңшелмеген.
Экран ұзақ жауап береді	Төмен температура (құрылғы 0-55°C аралығында жұмыс істейді).
Қара түсті экран	Тым жоғары температура, тікелей күн сәулесінің ұзақ әсер етуі.
Солғын күңгірт түсті экран	Батарея заряды аз немесе дұрыс орнатылмаған.

Жиынтық құрамы:

